

**Қаражан Қ.С.<sup>1</sup>, Дәдікбаев С.С.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>т.ғ.д., профессор, e-mail: Kuanysh.Karazhan@kaznu.kz

<sup>2</sup>1 курс магистранты, e-mail: Bukharbay96@bk.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ  
1959-2016 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ  
ЖАС-ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ  
ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ**

Мақала XX ғасырдың екінші жартысындағы және тәуелсіздік жылдарындағы Семей қаласы халқының жас-жыныстық құрылымына және оны зерттеуге арналған. Мақалада қала халқының жас-жыныстық құрамының 1959 жылдан 2016 жылға дейін қалай өзгергендігі статистикалық деректердің және өзге ғылыми зерттеулердің негізінде зерттелген. Қала халқының жас-жыныстық құрылымының өзгеруіне ықпал еткен негізгі факторлар анықталған және оның өзгеруінің басты себебі болып табылатын этностар айқындалған. Халықтың жыныстық құрылымы пирамидалар және диаграммалар арқылы топтастырылып, ғылыми тұрғыдан сарапталған.

Сонымен қатар, Семей қаласындағы саны жағынан үлкен этностардың жас-жыныстық құрылымы көрсетілген. Қаладағы жас және көрі этностардың құрамы қарастырылған. Сондай-ақ олардың келешектегі өзгеру динамикасы жайында болжамдар жасалған.

**Түйін сөздер:** Семей, халықтың жастық және жыныстық құрамы, жас-жыныстық пирамида, Семей қаласының халқы.

Karazhan K.S.<sup>1</sup>, Dadykbaev S.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Dr., Professor, e-mail: Kuanysh.Karazhan@kaznu.kz

<sup>2</sup>master student, e-mail: Bukharbay96@bk.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**Dynamics of changes in the age and  
sex composition of the city of Semipalatinsk in the period  
from 1959 to 2016**

The article is devoted to the study of the age and gender structure of the population of Semey in the second half of the twentieth century and during the years of independence. The article studies how the age and gender composition of the city's population changed from 1959 to 2016, based on statistical data and other scientific studies. The main factors influencing change of gender and age structure of the population of the city are defined and the ethnoses which are the main reason of its change are defined. The gender structure of the population is grouped through pyramids and diagrams, analyzed from a scientific point of view.

In addition, the age and gender structure of large ethnic groups in Semey is presented. There is a composition of young and old ethnic groups in the city. Also, forecasts were made about the dynamics of their further changes.

**Key words:** Semey, age and gender composition of the population, age and gender pyramid, population of Semey.

Каражан Қ.С.<sup>1</sup>, Дадикбаев С.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Д.и.н, профессор, e-mail: Kuanysh.Karazhan@kaznu.kz

<sup>2</sup>магистрант, e-mail: Bukharbay96@bk.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

### **Динамика изменения возрастно-полового состава города Семипалатинска в период с 1959 по 2016 годы**

Статья посвящена исследованию возрастно-половой структуры населения города Семей во второй половине XX века и период независимости. В статье изучено, как изменился возрастно-половой состав населения города с 1959 по 2016 годы на основе статистических данных и других научных исследований. Определены основные факторы, влияющие на изменение половозрастной структуры населения города и определены этносы, являющиеся главной причиной ее изменения. Половая структура населения сгруппирована через пирамиды и диаграммы, проанализирована с научной точки зрения.

Кроме того, представлена возрастно-половая структура больших этносов в городе Семей. Предусмотрен состав молодых и старых этносов. Также были сделаны прогнозы о динамике их дальнейшего изменения.

**Ключевые слова:** Семей, возрастной и половой составы населения, возрастно-половая пирамида, население г. Семей.

#### **Кіріспе**

Бүгінгі күні Қазақстан егемендік алып, өз алдына тәуелсіз ел болуы өткен тарихты қайта зерттеп, зерделеу міндетін қойды. Себебі өткенінді жетік білмей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. Осы орайда Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялады. Оның ең басты міндеттерінің бірі – «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. Президентіміз мақаласында: ««Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Туған жерге деген сүйіспеншілік туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады», – деп, туған елге деген патриоттық сезім туған жерге деген сүйіспеншілікте жатқанын айта кетті (Назарбаев, 2017: 7). Ал туған жерге деген сүйіспеншілік туған жеріңнің тарихын тереңнен білуден басталады.

Бүгінгі таңдағы еліміздің демографиялық ахуалының астары өткен дәуірлермен тығыз байланысты. Сондықтан да өткен дәуірдегі Семей қаласы халқының әлеуметтік-демографиялық дамуын тиянақты зерттеу жұмысын жазу маңызды болып отыр. Кеңестік дәуірдегі ұжымдастыру, тәркілеу, ашаршылық, қуғын-сүргін, депортация, арнайы қоныс аудартулар, екінші дүниежүзілік соғыс уақытындағы эвакуация мен реэвакуация, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру мен тың және тыңайған жерлерді игеру науқандарының ел өміріне, Семей қаласының демографиялық

ахуалындағы өзгерістерге ықпалын жан-жақты зерттеу арқылы өткен тарихымыздың бүгінгі күнмен сабақтастығын қарастыру өте өзекті мәселелердің бірі.

Осы демографиялық ахуалдың ішінде халықтың жас-жыныстық құрылымының алатын орны ерекше. Халықтың жас-жыныстық құрамы – мемлекеттің тұрақты даму деңгейін анықтайтын маңызды құрамдас бөлігі. Халықтың толық демографиялық сипаттамасын білу үшін оның жас-жыныстық құрылымына қарау керек. Ол әртүрлі демографиялық үдерістерге әсер етеді. Мәселен, белгілі бір уақыт кезеңінде халықтың жас-жыныстық құрылымы репродуктивті жастағы халықтың санын анықтайды, демек, бұл басқа факторлармен бірге туудың ықтимал санына әсер етеді.

Зерттеу жұмысын жүргізгенде тарих ғылымының қажетті статистикалық деректерді табу және оларға сипаттама беруде талдау жасап, оқиғалар мен жағдайларды зерттеуде тақырыптың құндылығын ашып көрсетуде және көтерілген мәселенің сәтті шешімін табуда статистикалық көрсеткіштер материалдары, демографиялық жылнамалықтар, Бүкілодақтық әр он жыл сайын жүргізіліп отырған халық санағының қорытындылары және еліміздің демографиялық ахуалы жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген отандық ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Зерттеу жұмысында анализ, синтез, тарихи жүйелілік, тарихи салыстыру және статистикалық зерттеу әдістемелері қолданылды.

### Мәселенің зерттелу деңгейі

Біз қарастырып отырған уақыттағы Қазақстанның демографиялық жағдайындағы түрлі мәселелер Н.В. Алексеенконың еңбектерінде қарастырылады. Оның «Население Казахстана за 100 лет (1897-1997)» кітабында еліміздің халқының саны, оның көші-қоны, жас-жыныстық құрылымы және ұлттық құрамы мен оған әсер еткен факторлар тарихи тұрғыдан бір ғасыр уақытты қамти отырып қарастырылған (Алексеенко, 1999).

XIX ғасырдың аяғынан XXI ғасырдың басына дейінгі уақыттағы Қазақстанның демографиясы жөнінде В.В. Козинаның еңбегінде қарастырылған (Козина, 2007). Онда халықтың ғасырдан астам уақытқа созылған демографиялық ахуалы жөнінде зерттелген. Сонымен қатар халықтың демографиялық жағдайдың өзгеруіне себеп болған әрбір факторларды ашып көрсетеді. Халықтың саны, ұлттық құрамы, жас-жыныстық құрылымы, туу және өлім-жітім көрсеткіші, табиғи және көші-қон қозғалысын тарауларға бөліп қарастырған.

Шығыс Қазақстан өңірінің әлеуметтік-демографиялық мәселелері жөнінде жарық көрген А.С. Уалтаеваның кітабында Шығыс Қазақстан өңірінің шағын қалаларының демографиялық ахуалы зерттелген (Уалтаева, 2011). Сонымен қатар, еліміздегі тәуелсіздік алғаннан кейінгі демографиялық ахуал жайында А.Н. Алексеенко мен Ж.С. Аубакированың «Демографическое измерение социальных процессов в современном Казахстане» атты еңбегінде қарастырылған (Алексеенко, 2002).

Осы облыстың 1991 жылдан 2008 жыл аралығындағы халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайы жөнінде зерттеу жұмыстарының бірі Ә. Сайлаубек, А.М. Мамырбеков және Қ.А. Тлеубердинов авторлық ұжым болып жасаған зерттеу жұмысы мемлекеттік тілімізде жарық көрген аз ғана оқулықтардың бірі болып табылады (Сайлаубек, 2016). Бұл оқу құралында авторлар Шығыс Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайының ерекшеліктеріне, халықтың демографиялық дамуындағы өзгерістеріне және ондағы қарама-қайшылықтардың орын алуы жөнінде жан-жақты қарастырған.

Тақырыбымызға сай 1917-1991 жылдарды қамтыған Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық үрдістер жайындағы А.Б. Галиевтың (Галиев, 1994), 1979-1989 жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық үрдістер

турасындағы В.В. Козинаның диссертациялық жұмыстары 1994 жылы қорғалды (Козина, 1994).

Шығыс Қазақстан облысы жайында мемлекеттік тілімізде жүргізілген зерттеу жұмыстарының бірі Ф.С. Курмановтың диссертациясы 2002 жылы жарық көрді (Курманов, 2002). Зерттеу жұмысында ШҚО тұрғындарының 1989-1999 жылдардағы демографиялық өзгерісін, олардың туу және өлім-жітім көрсеткіштерін, соның нәтижесіндегі табиғи өсімін, облыстың сыртқы және ішкі көші-қон үдерісін халық санағының негізінде талдау жасалған.

Семей облысы жөніндегі бірен-саран еңбектердің бірі болып саналатын Е.П. Зимовинаның диссертациясы 2001 жылы жарық көрді (Зимовина, 2001). Онда автор жұмыстың бірінші тарауында Қызылорда және Семипалатинск облысындағы экологиялық мәселелердің шығуы жайында сөз қозғайды. Екінші тараудан бастап осы экологиялық аймақтардағы демографиялық дамудың ерекшеліктерін қарастырады. Сондай-ақ, экологиялық дағдарыстың халықтың өзгеруіне қалай ықпал еткенін, оның ішінде табиғи өсімнің қалай төмендегенін және осының салдарынан халықтың көші-қон үдерісі қалай өзгергенін жан-жақты талдап зерттейді.

Тағы да осы Е.П. Зимовинаның XX ғасырдың екінші жартысын түгелдей қамтыған Қазақстан халқының динамикалық өзгеруі жөніндегі мақаласы 2003 жылы «Демоскоп Weekly» электрондық журналына жарияланады (Зимовина, 2003). Сонымен қатар А. Алексеенконың да тақырыбымызға сәйкес бірнеше мақаласы осы журналда жарық көрген (Алексеенко, 2006; Алексеенко, 2002).

### Семей қаласы халқының жас-жыныстық құрамының өзгеруі

Халықтың жас-жыныстық құрылымын зерттеу үшін әдетте жас-жыныстық пирамида деп аталатын график қолданылады. Ол үшін халықтың жынысы мен жас көрсеткіштері қажет болады. Ерлер мен әйелдер саны пирамидаға бөлінеді. Әдетте, ерлердің көрсеткіштері пирамиданың сол бөлігіне, әйелдердің көрсеткіштері қарама-қарсы бетке орналастырылады. Пирамиданы құратын кезде халық жасының әр бес жыл сайынғы жасы алынады (Уалтаева, 2011: 121).

Негізінен, әлемде барлық елдерде орташа есеппен алғанда әрбір 100 туылған қыз балаға 105-106 ер баладан келеді. Осы жағдай Қазақстанға да сәйкес келеді. Бұл адамның биологиялық табиғатына байланысты нәрсе.

Алайда, ерлер мен әйелдердің саны олардың өмір сүру ұзықтығына, көші-қон жағдайына және басқа да себептерге байланысты өзгерістерге ұшырайды.

Егер, 1926 және 1939 жылдардағы Бүкілодақтық халық санағы нәтижесінде еліміздегі ерлердің саны әйелдердің санынан жоғары болса, Ұлы Отан соғысынан кейінгі барлық төрт халық санағында да әйелдердің саны ерлердің санынан жоғары көрсеткіш көрсеткен.

Қазақстан халқының жыныстық құрамына Ұлы Отан соғысының салдары әлі де әсер етіп келеді (Алексеенко, 1999: 131).

Халықтың жыныстық құрамына тоқталсақ, 1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағына сәйкес, Семей қаласындағы ерлердің саны 72032 адамды немесе халықтың 45,4%-ын құраса, әйелдердің саны ерлерге қарағанда біршама көп көрсеткіш көрсетіп, 86523 адамды немесе халықтың 54,6%-ын құрағанын көре аламыз. Бұл дегеніміз қаладағы 1000 ер адамға 1201 әйел адамнан келеді, немесе әйелдер ерлерге қарағанда 20%-ға көп (Всесоюзная перепись населения 1959 года.).

Бұл нәтижелерді облыстың орташа көрсеткіштерімен салыстырсақ, облыстағы ерлер саны 242811 адамды құрап, 46,7%-ды құраған. Келесі облыстағы әйелдердің саны 277418 адам болған және бұл сан облыс халқының 53,3%-на тең. Ал, республиканың жыныстық құрамына қарасақ, ерлердің үлесі 47,5%-ға, әйелдердің үлесі 52,5%-ға тең. Демек, 1959 жылы әйелдердің ерлерге қарағанда басымдылық көрсетуі республикалық үрдіс (Всесоюзная перепись населения 1959 года.). Бұған ең алдымен, Ұлы Отан соғысының, екіншіден, жұмысқа қабілетті жастағы ер адамдардың көп дүниеден өтуі себеп болуда.

1970 жылғы халық санағы нәтижесі алдыңғы онжылдыққа қарағанда басқаша көрсеткіштерді көрсетеді. Төмендегі суретке қарасақ, осы жылы Семей қаласындағы ерлер мен әйелдердің саны шамамен бірдей, тіпті, ерлердің саны аздап басымырақ екенін көреміз. Яғни, ерлердің саны 72032 адамнан 121729 адамға өскен немесе 169%-ға дейін, әйелдер 86523 адамнан 121578 адамға өскен немесе 140%-ға дейін артқан. Осылайша, бұл онжылдықта ерлердің үлесі күрт жоғарылап, ерлер де, әйелдер де халықтың 50%-ын көрсеткен. Бұл дегеніміз қаладағы әрбір 1000 әйел адамға 1001 ер адамнан келеді деген сөз (Всесоюзная перепись населения 1970 г.).


Қаланың және облыстың көрсеткішінде біраз айырмашылық бар. Облыс бойынша халықтың жыныстық құрамы, ерлердің үлесі

49,3%-ға, әйелдердің үлесі 50,7%-ға тең. Ал республикамыздың құрамындағы ерлердің үлесі 48,1% болса, әйелдердің үлесі 51,9%-ды құраған (Всесоюзная перепись населения 1970 г.). Яғни, әйелдердің үлесі аздап басым. Бұл өзгерістерді түсіндіру үшін тың және тыңайған жерлерді игеру уақытында үлкен өзгеріске ұшыраған облыстың ұлттық құрамына аздап тоқтала кетсек. 1959 жылдан 1970 жылға дейін Семипалатинск облысында украин ұлтының саны 17335 адамнан 18854 адамға дейін өсіп, 1,1 есе көбейген. Сондай-ақ, өзбек ұлты 522 адамнан 3007 адамға артып, 5,7 есеге көбейген, тәжік ұлты 1959 жылы облыс құрамында болмаған. Ал, 1970 жылы 1028 адам болған. Бұл ұлттардың облыс құрамында таралуына қарасақ, украин ұлтының 67,6%-ы, өзбек ұлтының 85,5%-ы, тәжік ұлтының 96,9%-ы қалада тұрады. Енді осы ұлттардың жыныстық құрамына келсек, украиндардың 60%-ы ерлер, 40%-ы әйелдер. Өзбек ұлтының 93,8%-ы ерлерге, 6,2%-ы әйелдерге тиесілі. Ал тәжік ұлтының 98,9%-ы ерлер, 1,1%-ы ғана әйелдер екен (Всесоюзная перепись населения 1959 года.). Демек, Семей қаласының жыныстық құрамындағы өзгерістер осы ұлттардың себебінен өзгеріске ұшыраған.

Келесі онжылдықта Семей халқының жыныстық құрамы мынадай, ерлердің саны 135408 адамды құрап, қала халқының 46,7%-на, ал әйелдер 154550 адам болып, халықтың 53,1%-на тең болған.

1979 жылғы Бүкілодақтық халық санағы нәтижесінде Семипалатинск облысы мен республикамыздың жыныстық құрамы Семей қаласының көрсеткіштерімен шамалас. Облыс халқының 48,3%-ын ерлер құраса, 51,7%-ы әйелдерге тиесілі. Республика халқының 48,2%-ы ерлердің үлесіне тисе, оның 51,8%-ы әйелдер болған (Всесоюзная перепись населения 1979 г.).

Келесі Бүкілодақтық халық санағында қала халқының жыныстық құрамында алдыңғы онжылдықпен салыстырғанда айтарлықтай өзгешелік жоқ. Төмендегі кестеге назар аударсақ, ерлер қала халқының 47%-ын құрап, 157192 адам болған. Әйелдер болса қала халқының 53%-ын құрап, 177920 адамды көрсеткен. Яғни, 1989 жылы қаладағы әрбір 1000 әйел адамға 883 ер адамнан келеді. Республика мен облыс халқының жыныстық құрамы да 1979 жылғы көрсеткіштермен шамалас. Облыс халқының 48,6%-ы ерлерге, 51,4%-ы әйелдерге тиесілі. Ал республикамыздың 48,5%-ын ерлер құраса, 51,5%-ын әйелдер құраған (Всесоюзная перепись населения 1989 г.).



1-сурет – 1970 жылғы Семей қаласы халқының жыныстық құрамы  
(Всесоюзная перепись населения 1970 г.)

Осы жылғы халықтың жастық құрамын төмендегі кестеден көре аламыз. Оның 9,9%-ын еңбекке қабілетті жастан жоғары жастағы, 26,7%-ын жұмысқа қабілетті жастан төмен жастағы, 63,4%-ын жұмысқа қабілетті жастағы адамдар құрайды. Халықтың демографиялық 60 жастан бастап қартаю деңгейін 65 жастан бастап есептейтін болсақ, барлығымызға белгілі, БҰҰ ұйымының шкаласы бойынша есептейміз. Ал, біздің жағдайда 65 жастан жоғары халықтың саны берілмегендіктен, олай есептеу мүмкін емес. Сондықтан да, бұл үшін халықтың демографиялық қартаюын 60 жастан бастап есептеу үшін арнайы Ж. Боже-Гарнье-Э. Россета шкаласы қолданылады. Осы шкала бойынша егер 60 жастан асқан халықтың саны 8-10% аралығын көрсетсе, онда халық демографиялық қартаюдың алғашқы күтімінде тұр (Медков, 2002: 58). Демек, Семей қаласы халқы демографиялық қартаю үдерісіне жақындап келеді.

Мұндағы ерлердің үлесі 15 жасқа дейін әйелдердің үлесінен жоғары болып келеді. Одан әрі ерлердің үлесі азая түседі. Ал, қартайған шақта әйелдердің үлесі ерлерден 2,3 есеге асып түседі (Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, 2001: 43).

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бірінші ұлттық санақтың нәтижесінде Семей халқының жыныстық құрамының бейнесі алдыңғы халық санағының нәтижесіне қарағанда біршама өзгерген. Оны төмендегі суреттен байқаймыз. Яғни, халық құрамындағы ерлердің үлесі төмендеп, сәйкесінше, әйелдердің үлесі жоғарылаған.

Халық құрамындағы ерлердің саны 137078 адамды құраса, әйелдердің саны 160969 адам болған, немесе ерлердің үлесі 46%-ға, әйелдердің үлесі 54%-ға тең. Сәйкесінше, қаладағы әрбір 1000 әйел адамға 851 ер адамнан келеді. Ал Шығыс Қазақстан облысы халқының жыныстық құрамының 47,8%-ын ерлер, 52,1%-ын әйелдер құрайды (Қазақстан Республикасының халқы, 2011: 221). Республикамыздың жыныстық құрамында ерлердің үлесі 48,2% болса, әйелдердің үлесі 51,8% болған (Қазақстан Республикасының халқы, 2011: 75).

Жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, Семей халқының жыныстық құрамында облыстық және республикалық көрсеткіштермен салыстырғанда айырмашылық бар. Семейдегі ерлер мен әйелдердің үлесінің арасындағы айырмашылық республикалық көрсеткіштермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Оның себебі, біріншіден, қала халқының ұлттық құрамына байланысты. Қаладағы қазақтардан кейінгі саны жағынан жоғары ұлт – орыс ұлты. Дәл осы орыс ұлтының құрамындағы әйелдердің үлесі 56,2%-ға тең. Саны жағынан орыстардан кейін тұрған татар, неміс, украин ұлттарының да құрамындағы әйелдердің саны ерлерден асып түседі. Орыс ұлтының саны қазақтардан асып түсетін көршілес Өскемен қаласының да жыныстық құрамына осындай ерекшеліктер тән (Морозова, 2001: 43). Екіншіден, әйел адамдардың табиғатынан ерлерден ұзақ өмір сүруіне байланысты. Мәселен, қала халқының жас-жыныстық құрамына қарасақ, ерлер мен

әйелдердің санында 20 жасқа дейін айырмашылық болмайды. Бұлардың арасындағы айырмашылық 20 жастан жоғары қарай бірте-бірте байқала бастайды. Ал, 70 жастан асқан кезде әйелдердің үлесі ерлерден шамамен 3 есеге дейін көп көрсеткіш көрсетеді. Үшіншіден, Ұлы Отан соғысының салдары қала халқының жыныстық құрамына әлі де әсер етіп келеді. Төртіншіден, көші-қонның салдары. Мұнда қала халқының жыныстық құрамына айтарлықтай әсер еткен қаланың сыртқы көші-қон үдерісі. 1999 жылы ТМД және Балтық елдерінен келген халықтың 60%-ы әйелдерге тиесілі екен (Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области, 2001б: 55).

Төмендегі суретке назар аударсақ, Семей халқының жас-жыныстық құрамында осы онжылдықта қартаю үдерісін байқаймыз. Мәселен, 1989-1999 жылдар арасында жұмысқа қабілетті жастан жоғары жастағы халықтың үлесі 9,9%-дан 12,4%-ға өскен болса, жұмысқа қабілетті жастағы халықтың үлесі 63,4%-дан 64,2%-ға, жұмысқа қабілетті жастан төмен жастағы адамдардың үлесі 26,7%-дан 23,3%-ға төмендеген. 10 жасқа дейінгі балалардың 18,8%-дан 13,8%-ға төмендеген. 4 жасқа дейінгі балалар болса, 10,1%-дан 5,8%-ға дейін, шамамен, 2 есеге төмендеген. Халықтың демографиялық қартаюы Ж. Боже-Гарнье-Э. Россета шкаласы бойынша, демографиялық қартайған, оның ішінде, демографиялық кәріліктің бастапқы деңгейінде тұр.

Ерлердің үлесі әдеттегідей 15 жасқа дейін әйелдерге қарағанда басымдылық көрсетеді. Одан әрі азая түсіп қартайған жаста әйелдердің үлесінен 2 есеге дейін аз көрсеткіш көрсетеді (Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области, 2001а: 27, 29, 31).

Қала халқының он жыл ішінде қартаюына келсек, саны жағынан қазақтардан кейін тұрған орыстар мен татарлар демографиялық қартайып бара жатқан ұлтқа жатады. Бұлардың біріншісі екіншісінен кәрілеу. Мәселен, орыстардың шамамен 20%-ы, татарлардың шамамен 16%-ы 60 жастан асып кеткен.

Осылайша, халықтың қартаюының басты себебі саны жағынан ең көп титулды емес халықтардың қартаюының есебінен болып отыр. Оны төмендегі суреттен көре аламыз.

Қаладағы 60 жастан асқан 36946 адамның 23177 адамы немесе 62,7%-ы орыстар болған. Мұнда татарлардың үлесіне 5,4%-ы тиесілі. Осы

60 жастан асқан орыс халқының 67%-ы әйелдер болса, 33%-ы ғана ер адамдар екен. Бұл орыс ұлтының әйелдерінің үлесі қаладағы 60 жастан асқан адамдардың 42%-ын құрайды. 60 жастан асқан татарлардың 66%-ы әйелдер болса, 34%-ы ер адамдар болған (Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области, 2001а: 50-51).


Аталмыш үш ұлтты демографиялық қартаю деңгейін Ж. Боже-Гарнье – Э. Россета шкаласы бойынша анықтайтын болсақ, қазақ ұлты демографиялық жас ұлттар санатына, орыс ұлты өте жоғары деңгейдегі демографиялық кәрі ұлттар санатына, татар ұлты орташа деңгейдегі демографиялық ұлттар санатына жатады.

Егемендігімізден кейінгі бірінші ұлттық халық санағының қорытындылары қаланың ұлттық құрамының жас-жыныстық құрылымын зерттеуге мүмкіндік береді. 1999 жылғы ұлттық халық санағы қорытындыларындағы Қазақстандағы саны жағынан ең көп ұлттардың (саны 50000 адамнан көп) жас-жыныстық құрамына талдау жасай отырып, олардың анық екі топқа бөлінгенін байқаймыз. Оларды шартты түрде «азиялық» және «еуропалық» деп атаймыз (бұл топтағы ұлттардың басымдылығы азиялық немесе еуропалық болуына байланысты). Біріншісіне қазақтарды, өзбектерді, ұйғырларды, эзирбайжандарды және саны аз болса да түріктерді жатқызуға болады. Бұл этникалық топтардың жас-жыныстық көрсеткіштері пирамидаларының негізі, яғни, төменгі жағы кеңейтілген болып келеді және жоғары қарай жайлап қысқаруымен ерекшеленеді. Осылайша, бұлардың қартаю индексі жоғары емес. Бұл этникалық топтарды демографиялық жас ұлттарға жатқызуға болады.


Біз қарастырып отырған «еуропалық» этникалық топтардың жағдайы әлдеқайда маңызды. Бұлар орыстар, белорустар, украиндар, немістер және татарлар. Бұл этникалық топтардың жас-жыныстық пирамидасының негізі, яғни, төменгі жағы көп емес, бірақ, ортаңғы жағы кеңейтілген болуымен ерекшеленеді. Пирамиданың жоғарғы жағы (60 жастан асқандар) төменгі жағымен шамалас келеді. Бұл этникалық топтардың қартаю индексі 50-ден 100-ге дейін өзгереді. Біраз уақыт өткеннен соң бұл этникалық топтардың жас-жыныстық пирамидасы төңкерілген үшбұрышты бейнеге келетінін, жастардың үлесі аз және «үшінші» жастағы халықтың көп болатынын болжау қиын емес. Ал, бұлардың бүгінгі белсенді көші-

қон үдерісін сақтап қалар болса, онда қартаюу үдерісі мейлінше тез қарқынмен жүреді. Егер, осы этникалық топтардың болашағына ұзақ болжау жасасак, онда бұлардың Қазақстан


Республикасының демографиялық картасынан толығымен жоғалғанын көреміз (Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области, 2001а: 93-94).




2-сурет – 1989 жылғы Семей қаласы халқының жас-жұмыстық құрылымы (Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, 2001: 43)



3-сурет – 1999 жылғы Семей қаласы халқының жыныстық құрамы (Қазақстан Республикасының халқы, 2011: 221)



**4-сурет** – 1999 жылғы Семей қаласы халқының жас-жыныстық құрамы  
(Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области, 2001а: 27, 29, 31)



**5-сурет** – 1999 жылғы Семей қаласы халқының ұлттық құрамы жасына қарай  
(Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области, 2001а: 50-51)

Осындай үрдістер Семей қаласының демографиялық жағдайында да байқалады. Сонымен, 1999 жылғы ұлттық санақ қорытындыларынан қаладағы ең жас ұлт қазақтар екенін байқадық. Олардың шамамен 40%-ы 20 жасқа дейінгі

адамдар. Ал, олардың 60 жастан асқандары бар-жоғы 6% құрайды. Келесі саны жағынан басым орыстардың шамамен 26,5%-ы жастарға тиесілі болса, шамамен 20%-ы 60 жастан асқан адамдар. Бұлар кәрілігі жағынан үшінші орын-



ды алады. Саны жағынан үшінші болып саналатын татарлардың 29%-ы 20 жасқа дейінгі адамдар болса, 16%-ы 60 жастан асқан адамдарға тиесілі. Бұл басқа ұлттармен салыстырғанда орташа көрсеткішті көрсетеді. Саны жағынан татарлардан кейін орналасқан немістердің 30,5%-ы жастарды құраса, 14,4%-ы кәрілерді құраған. Бұлар да басқа ұлттарға қарағанда орташа көрсеткіштерге ие. Десек те, көрсеткіштері татарларға қарағанда қала үшін салыстырмалы түрде жақсы. Келесі қатарда украиндардың 12,7%-ы ғана жастарды құраса, жасы 60 жастан асқан халықтың үлесі 32,2%-ды құраған. Украиндар қаладағы ең демографиялық кәрі халыққа жатады. Тағы да славян халықтарына жататын белорустардың бар-жоғы 10,9%-ы ғана жастарға тиесілі болса, 30,4%-ы кәрілерді құраған. Бұлар кәрілігі жағынан 2 орында тұрған халық. Ал, жастары ең аз да осы халық болып табылады. Семей қаласында тұратын халықтардың саны жағынан 7-ші тұрған ұйғырлардың 35%-ы 20 жасқа дейінгі адамдар болса, 5,9%-ы кәрілерге тиесілі. Ұйғырлар қаладағы ең жас ұлттардың бірі. Сонымен бірге, кәрілері ең аз ұлт болып саналады. Бұлардың 28,4%-ы 20-29 жастағы халыққа тиесілі. Аталған ұлттардың ешқайсысында бір-бір он жас аралығындағы адамдардың үлесі бұндай көрсеткіш көрсетпейді. Одан кейінгі кәрістердің 27,9%-ы жастарды құраса, 11,5%-ы кәрілерге тиесілі. Бұлардың жастық құрылымы қала үшін оң көрсеткішке ие. Қарастырып отырған ұлттарымыздың ең соңғысы өзбек ұлтының 35,2%-ы жастарды, 8,3%-ы кәрілерге тиесілі (Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казakhstanской области, 2001а: 50-51). Бұлар қаладағы қазақтардан кейінгі жас ұлт болып саналады. Сонымен, қаладағы жас ұлттарға, ең алдымен, қазақтарды, содан кейін, өзбектерді және ұйғырларды жатқызуға болады. Ал, қартайып бара жатқан ұлттарға БҰҰ-ның категориясына орай (егер, халық құрамындағы 65 жастан асқан адамдар 7%-дан асқан болса, ол халық кәрі халық саналады) осы қазақтар мен ұйғырлардан басқа барлығын жатқызуға болады (Сарсембаева, 2014: 275). Демек, Семей қаласында да азиялық түркі халықтарының саны өсіп келеді және олардың болашағы өте зор деп айтуға болады.

Қазақстанда және оның ішіндегі Семей қаласында осындай демографиялық ахуалдың болуы толығымен түсінікті. «Еуропалық» халықтар негізінен қалалық жерлерде қоныстанған. Негізінен, қалалық жерлерде ауылға қарағанда туу мөлшері төмен. Сонымен бірге, «азиялық»

этностық топтарға қалада болсын, ауылда болсын жоғары туу көрсеткіші тән екенін ұмытпауымыз керек. Бұлардың осындай көрсеткіші ұзақ уақытқа сақталады.

Қазақстан Республикасының екінші ұлттық халық санағының нәтижесінде Семей халқының жыныстық құрамы алдыңғы онжылдыққа қарағанда айтарлықтай өзгермеген. Халық құрамындағы ерлердің үлесі 46,3%-ды құрап, 150158 адам болған. Әйелдердің үлесі 53,7% болып, 174334 адамға тең келген. Осылайша, қаладағы әр 1000 әйел адамға 1161 ер адамнан келеді (Қазақстан Республикасының халқы, 2011: 221).

2009 жылғы Республика мен Шығыс Қазақстан облысының жыныстық құрамы мынадай. Республиканың құрамындағы ерлердің үлесі 48,2%-ды, әйелдердің үлесі 51,8%-ды құрайды (Қазақстан Республикасының халқы, 2011: 75). Ал ШҚО-ның құрамындағы ерлердің үлесі 47,5%-ға тең, әйелдердің үлесі 52,5%-ға тең (Қазақстан Республикасының халқы, 2011: 221).

Еліміздің екінші ұлттық санағының қорытындылары халық жас-жыныстық құрылымын кеңінен және анық қарауға мүмкіндік береді. Мәселен, қала халқының жас-жыныстық құрылымы әр жыл сайынғы интервалмен берілген. Төмендегі суретке қарасақ бұл жылғы қаланың жас-жыныстық пирамидасы осыған дейінгі болған демографиялық тарихи оқиғалардың нәтижесін айқын көрсеткен толқынды бейнемен сипатталатыны байқаймыз. Пирамидаға қарай отырып, қаладағы халықты шартты түрде үш жастық топқа жіктеуге болады.

Бірінші топ – 40 жас және 50 жас аралығындағы халық – XX ғасырдың 1960 жылдары (1970 жылға дейін) болған демографиялық жарылыстың ұрпақтары. Олардың үлесі қала халқының 15,7%-ын құрайды.

Екінші топқа шамамен 15 жас пен 30 жас аралығындағы халықты, яғни, демографиялық жырылыстың «балаларын» жатқызуға болады. Олардың үлесі барлық халықтың шамамен 32%-на тиесілі.

Үшінші топқа – 5 жасқа дейінгі – демографиялық жарылыстың «немере» ұрпақтарын жатқызамыз. Олардың үлесі барлық халықтың 6%-ын құрайды. Бұл үш топ пирамиданың негізгі «толқындары» болып саналады. Демографиялық жарылыстың «немерелерінің» дәуірі енді ғана басталған. Демографиялық жарылыстың алдыңғы ұрпақтарына қарасақ енді ғана басталған «немерелердің» кезеңі алдағы уақытта қала халқы үшін өте жақсы болжамдар жасауға

мүмкіндік береді (Шығыс Қазақстан облысы, 2011а: 30, 31, 32).

Пирамидаға назар аударсақ, шамамен 60-70 жас аралығындағы халықтың өте аз көрсеткіш көрсеткенін көреміз. Ол, әрине, ең алдымен Ұлы Отан соғысының себебінен. Бұл демографиялық жағымсыз көрсеткіш тек сол кезде әсер етіп қана қойған жоқ. Одан кейінгі, әсіресе, осы соғыс уақытындағы халықтың ұрпақтары болған 30-45 жастағы халықтың аз болуына әкеліп соқты. Сонымен бірге, олардың немерелері болған 5-15 жастағы халықтың аз болуына да, 90-жылдардағы демографиялық дағдарыспен бірге белгілі бір мөлшерде өзінің септігін тигізді.

2009 жылғы халықтың жас-жыныстық құрылымы 1999 жылмен салыстырғанда жұмысқа қабілетті жастағы халықтың үлесі көбейген. Ал, жастар мен жасы 60-тан асқандар халықтың үлесі онша өзгермеген. Мәселен, 1999 жылы 15-60 жас аралығындағы халықтың саны 191364 адамнан 2009 жылы 226976 адамға немесе 1,2 есеге көбейген. Ал, 15 жасқа дейінгі халықтың саны 1999 жылдан 2009 жылға 69737 адамнан 60319 адамға немесе 1,15 есеге кеміген. Жұмысқа қабілетті жастан жоғары жастағы халықтың саны 36946 адамнан 37206 адамға немесе 1,16%-ға артқан. Осылайша, халықтың жас-жыныстық бейнесі осы онжылдықта аздап қартаюмен сипатталады (Шығыс Қазақстан облысы, 2011б: 18). Бұл сипатты негізінен қала халқының саны жағынан 97%-ын құрайтын қазақ, орыс және татар ұлттардың жастық құрылымы береді.

Семей қаласындағы саны көп «азиялық» және «еуропалық» халықтардың 1999 жылдан бері құрамы өзгерген жоқ. 1999 жылы еліміздің ең жас ұлты саналған қазақтар осы жолы да, құрамында 20 жасқа дейінгі халықтардың үлесі 35,14% болып, ең жас ұлт болған. Осы онжылдықта олардың саны 58743 адамнан 74465 адамға көбейген немесе 1,3 есеге артқан. Бірақ, олардың үлесі 1999 жылы халықтың 38,6%-ын құраса, бұл жолы 35,1%-ды құрап, азайған. Олардың құрамындағы 60 жастан асқан халықтың үлесі 6,5%-ды құрап, 1999 жылғы көрсеткіштен асып кеткен. Осылайша, қазақтарда 1999 жылмен салыстырғанда аздап қартаю үдерісі жүрген. Ал, орыстардың құрамындағы 20 жасқа дейінгі халықтың саны 20,9% болса, кәрілердің саны 20,5% болған. Бұларда жастардың үлесі 1,6 есеге азайса, қартайғандардың үлесі 1,2 есеге кеміген. 1999 жылдан бері біраз қартайған. Қартаю жағынан әлі үшінші орында келеді. Одан кейінгі татарлардың 20 жасқа дейінгі халқы 1999 жыл-



мен салыстырғанда 1,8 есеге төмендеп, 22,2%-ды құраған. Қартайған халқы 1,2%-ға кеміп, 17,7%-ды құрап тұр. Бұларда да қартаю үдерісі жүрген. Қала құрамындағы еуропалық халықтардың бірі немістердің 20 жасқа дейінгі халқы 3,6 есеге кеміп, 20,6% болған. 60 жастан асқан халқы болса, 2,3 есеге кеміп, 15,2% болған. Қаладағы украин жастардың үлесі 4,2 есеге кеміп, 2009 жылы 8,6%-ды құраған. Кәрілері болса – 2,1 есеге азайып, 42,3%-ды көрсеткен. Кәрістердің 20 жасқа дейінгі халқының үлесі 1,07 есеге көбейіп, 28% болған. Ал, кәрілері 1,3 есеге көбейіп, 13,6%-ды құраған. Саны жағынан кәрістерден кейін тұрған өзбектердің жастары 1,4 есеге азайып, 24,3%-ды құрайды. Кәрілері болса 1,1 есеге артып 8,3%-ды көрсетеді. 2009 жылдың ең кәрі ұлты саналатын белорустардың жастары 3,7 есеге кеміп, 8,3% болған. Қартайған халықтары болса 1,9%-ға азайып, 46,6%-ды құраған. Ұйғырлардың 20 жасқа дейінгі халқы 5,2 есеге азайып, 33,8 пайызды құраған. Ал, 60 жастан асқан халқы 1,9 есеге кеміп, 6,3% болған. Осылайша, қаладағы саны жағынан басым 9 ұлттың барлығында да 1999 жылдан бері қартаю үдерісі жүрген. Қартаюдың алдыңғы қатарында қаладағы «еуропалық» ұлттар келеді. Ең кәрі ұлт – белорустар 46,6%-ы 60 жастан асқандар. Олардан кейін украиндар және орыстар орналасқан (Шығыс Қазақстан облысы, 2011б: 18). Демографиялық кәрі ұлттарға тек қазақтар және ұйғырлар ғана жатпайды. Қаладағы «азиялық» ұлттар 2009 жылғы халық санағы көрсеткендей демографиялық жас ұлттар болып саналады.

Ал соңғы деректерге қарасақ, Семей қаласындағы ерлердің саны 160093 адамды құрап, халықтың 46,6%-ын құраса, әйелдердің саны 183545 адамды құрап, қаладағы үлесі 53,4%-ға тең екен (Шығыс Қазақстанның демографиялық жылнамасы, 2017: 15).

Қаладағы 60 жастан асқан халықтың саны 44637 адамды құрап, жалпы халықтың 13%-ын көрсетеді. Бұл көрсеткіш 2009 жылғы санақ қорытындыларына қарағанда 1,2 есеге артқан. Ал, қаланың жастары саналатын 15 жасқа дейінгі адамдар саны 74182 адамды көрсетіп, халықтың 21,6%-на тең болып тұр. Бұл көрсеткіш 7 жыл ішінде 1,2 есеге өскен. Қаладағы жұмысқа жарамды халықтың саны 224917 адамды құрап, 2009 жылдан бері 2059 адамға кеміген. 15-60 жас аралығындағы адамдар халықтың 65%-ын құрайды (Шығыс Қазақстанның демографиялық жылнамасы, 2017: 39-40). Осылайша халықтың жастық құрамы екінші ұлттық санақ

қорытындыларымен салыстырғанда қартаю мен жасару үдерісі бірдей дәрежеде жүрген. Сәйкесінше, жұмысқа қабілетті адамдардың үлесі азайған. Осылайша, қала халқы Ж. Боже-

Гарнье-Э. Россета шкаласы бойынша демографиялық кәріліктің алғашқы деңгейінде тұр және қала халқын толықтай демографиялық кәрі халықтар санатына жатқызуға болады.



Төмендегі суретке қарасақ, қаладағы 20 жасқа дейінгі халықтың құрамында ерлердің үлесі басым. 20 жастан бастап әйелдердің басымдылығы байқалады. Халықтың жасы ұлғайған сайын әйелдердің үлесі жоғарылай береді. Халық құрамындағы жастардың «демографиялық жарылыс» уақытында дүниеге келген халықтың немерелерінің көрсеткіштері 2009 жылға болжамға сай келеді.

2016 жылғы ШҚО-ның халық құрамының 47,6%-ы ерлер болса, 52,4%-ы әйелдер екен (Шығыс Қазақстанның демографиялық жылнамасы, 2017: 15). Республикамыздың құрамында ерлердің үлесіне 48,4%-ы тиесілі болса, әйелдердің үлесіне 51,6%-ы тиесілі (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2017: 7-9). Осылайша республикамыздың құрамында ерлерге қарағанда әйелдердің саны әлі де басым.

Қала халқының жыныстық құрылымы 1959 жылдан 2016 жылға дейін біраз өзгерістерге ұшыраған. Қаладағы ерлердің үлесі, туылған уақытта туылған әйелдердің санынан көп болуына қарамастан, 1970 жылғы көрсеткіштерді қоспағанда әйелдер санынан әрдайым төмен деңгейде болған. Бұның себебі, ең алдымен Ұлы Отан соғысының зардабымен, екіншіден, ерлердің жұмысқа қабілетті жастағы бөлігінің әйелдерге қарағанда өлім-жітім деңгейі өте жоғары болуымен, үшіншіден, ерлердің өмір-сүру ұзақтығының әйелдерге қарағанда аздығымен түсіндіріледі. Ал, 1970 жылы ерлер мен әйелдердің үлесі шамамен бір деңгейде болған. Бұл қала халқының көші-қон әсерінен өзгерген ұлттық құрамымен түсіндіріледі.

Семей қаласы халқының жастық құрылымы жөнінде 1989 жылдан бастап қана белгілі. Осы жылдан бастап қала халқының жастық құрылымы 2016 жылға дейін қартаю үдерісімен сипатталады. 1989 жылы қала халқында Ж. Боже-Гарнье-Э. Россета шкаласы бойынша есептеген-

де қартаю үрдісі байқалмаған еді. Ал, 1999, 2009 және 2016 жылдары халықта демографиялық қартаю үрдісі байқалады.

### Қорытынды

Семей қаласы халқының жастық құрамын жекелеген ұлттар бойынша қарастыратын болсақ, оларды екіге бөліп қарастыруға болады. Бірінші топ – азиялық, екінші топ – еуропалық ұлттар. Біріншісіне қазақтарды, өзбектерді, ұйғырларды, әзірбайжандарды және саны аз болса да түріктерді жатқызуға болады. Бұл этникалық топтардың жас-жыныстық көрсеткіштері пирамидаларының негізі, яғни, төменгі жағы кеңейтілген болып келеді және жоғары қарай жайлап қысқаруымен ерекшеленеді. Осылайша, бұлардың қартаю индексі жоғары емес. Бұл этникалық топтарды демографиялық жас ұлттарға жатқызуға болады.

Біз қарастырып отырған «еуропалық» этникалық топтардың жағдайы әлдеқайда маңызды. Бұлар орыстар, белорустар, украиндар, немістер және татарлар. Бұл этникалық топтардың жас-жыныстық пирамидасының негізі, яғни, төменгі жағы көп емес, бірақ, ортаңғы жағы кеңейтілген болуымен ерекшеленеді. Пирамиданың жоғарғы жағы (60 жастан асқандар) төменгі жағымен шамалас келеді.

Біраз уақыт өткеннен соң бұл этникалық топтардың жас-жыныстық пирамидасы төңкерілген үшбұрышты бейнеге келетінін, жастардың үлесі аз және «үшінші» жастағы халықтың көп болатынын болжау қиын емес. Ал, бұлардың бүгінгі белсенді көші-қон үдерісін сақтап қалар болса, онда қартаю үдерісі мейлінше тез қарқынмен жүреді. Егер, осы этникалық топтардың болашағына ұзақ болжау жасасақ, онда бұлардың Семей қаласының демографиялық картасынан толығымен жоғалғанын көреміз.

### Әдебиеттер

Алексеенко А. (2006). Население Казахстана между прошлым и будущим. / Электронный ресурс. <http://www.demoscope.ru/weekly/2006/0245/tema01.php>. 26.03.2018.

Алексеенко А. (2002). О некоторых итогах переписи населения Казахстана. Демоскоп Weekly, №57-58, 15 б.

Алексеенко А.Н. (2017). Демографические измерения социальных процессов в современном Казахстане. Усть-Каменогорск: Берел, 147 с.

Алексеенко, Н.В., (1999). Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897 – 1997гг.). Усть-Каменогорск: Полиграфия, 157 с.

Всесоюзная перепись населения 1959 года. Городское и сельское население областей республик СССР (кроме РСФСР) по полу и национальности. / Электронный ресурс. [http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/resp\\_nac\\_59.php?reg=57](http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_59.php?reg=57) 19.04.2018.

Всесоюзная перепись населения 1970 г. Численность наличного населения городов, поселков городского типа, районов и районных центров СССР по данным переписи на 15 января 1970 года по республикам, краям и областям (кроме РСФСР). / Электронный ресурс. [http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr70\\_reg1.php](http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr70_reg1.php). 25.03.2018.

Всесоюзная перепись населения 1979 г. Численность наличного населения союзных и автономных республик, автономных областей и округов, краев, областей, районов, городских поселений, сел-райцентров и сельских поселений с населением свыше 5000 человек (кроме РСФСР). / Электронный ресурс. [http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr79\\_reg1.php](http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr79_reg1.php). 24.03.2018.

Всесоюзная перепись населения 1989 г. Численность населения союзных республик СССР и их территориальных единиц по полу. / Электронный ресурс. [http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/sng89\\_reg1.php](http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/sng89_reg1.php). 26.03.2018.

Галиев А.Б. (1994). Социально-демографические процессы в многонациональном Казахстане (1917-1991 гг.): Дисс.... на соиск. учен. степени канд. ист. наук. Алматы.

Зимовина Е.П. (2003). Динамика численности и состава населения Казахстана во второй половине XX века. / Электронный ресурс. <http://www.demoscope.ru/weekly/2003/0103/print.php>. 24.03.2018.

Зимовина Е.П. (2001). Социально-демографические процессы в зонах экологического бедствия Казахстана (1959-1999гг.): Дисс.... на соиск. учен. степени канд. ист. наук. Караганда.

Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области. (2001а). Том 2. Статистический сборник / Под ред. А.А. Смаилова. Алматы: Казстатинформ, 247 с.

Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области. (2001б). Том 3. Статистический справочник / Под ред. А.А. Смаилова. Алматы: Казстатинформ, 124 с.

Козина В.В. (2007). Демографическая история Казахстана (конец XIX – начало XXI вв.). Караганда: КарГУ, 145 с.

Козина В.В. (1994) Социально-демографические процессы в Казахстане в межпереписной 1979-1989 гг.: Дисс.... на соиск. учен. степени канд. ист. наук. Алматы.

Курманов Ф.С. (2002). Шығыс Қазақстан облысының халқы (1989-1999 жж.). Дисс.... на соиск. учен. степени канд. ист. наук. Өскемен.

Қазақстан Республикасының халқы. (2011). 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. 1-том Статистикалық жинақ / Ред басқ. Ә.А. Смайылов. Астана: Жарқын Ко, 240 б.

Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. (2017). Бас ред. Н.С. Айдапкелов. Астана: Жарқын Ко, 390 б.

Медков В.М. (2002). Демография. Ростов-на-Дону: Феникс, 448 с.

Морозова С.С. (2001). Анализ половозрастной структуры населения наиболее крупных этносов Казахстана по данным переписи населения 1999 года // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях. Международная научно-практическая конференция. Өскемен: ВКГУ, 386 б.

Назарбаев Н.Ә. (2017). Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Мәдениет журналы, №48, 30 б.

Сайлаубек Ә., (2016). Мамырбеков А.М., Тлеубердинов Қ.А. Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1991-2008 жж.). Семей: Pro 100Print, 167 б.

Сарсембаева Г.А. (2014). Возрастная структура казахского этноса в 1999-2009 гг. // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях. XIV Международная научно-практическая конференция. Өскемен: Медиа-Альянс, 379 б.

Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы. (2001). Семей: Казролиграф, 40 б.

Уалтаева А.С. (2011). Население малых городов Казахстана (социально-демографический аспект на примере Восточного региона). Алматы: Веретельный, 204 с.

Шығыс Қазақстан облысы. (2011а). 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. 1-том Статистикалық жинақ. Ред басқ. Ә.А. Смайылов. Астана: Жарқын Ко, 130 б.

Шығыс Қазақстан облысы. (2011б). 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. 2-том Статистикалық жинақ. Ред басқ. Ә.А. Смайылов. Астана: Жарқын Ко, 150 б.

Шығыс Қазақстанның демографиялық жылнамасы. (2017). Статистикалық жинақ. Бас ред. Ә. Мақажанов. Өскемен: ШҚО-ның стат. деп., 166 б.

## References

Alekseyenko A. (2006). Naseleniye Kazakhstana mezhdú proshlym i budushchim. [Kazakhstan's population between past and future]. / Electronic resource. <http://www.demoscope.ru/weekly/2006/0245/tema01.php>. 26.03.2018.

Alekseyenko A. (2002). O nekotorykh itogakh perepisi naroda Kazakhstana. [On some results of the census of the population of Kazakhstan]. Demoskop Weekly, №57-58, 15 b.

Alekseyenko A.N. (2017). Demograficheskiye izmereniya sotsial'nykh protsessov v sovremennom Kazakhstane. [Demographic dimension of social processes in modern Kazakhstan]. Ust'-Kamenogorsk: Berel, 147 s.

Alekseyenko, N.V., (1999). Alekseyenko A.N. Naseleniye Kazakhstana za 100 let (1897 – 1997gg.). [The population of Kazakhstan for 100 years (1897 – 1997)]. Ust'-Kamenogorsk: Poligrafiya, 157 s.

Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1959 goda. Gorodskoye i sel'skoye naseleniye oblastey respublik SSSR (krome RSFSR) po polu i natsional'nosti. [All-Union census of 1959. Urban and rural population of the regions of the republics of the USSR (except the RSFSR) by gender and nationality]. / Electronic resource. [http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/resp\\_nac\\_59.php?reg=57](http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_59.php?reg=57) 19.04.2018.

Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1970 g. Chislennost' nalichestvuyushchikh gorodov, poseleniy gorodskogo tipa, rayonov i rayonnykh tsentrov SSSR po dannym perepisi na 15 yanvarya 1970 goda po respublikam, krayam i oblastyam (krome RSFSR). [All-Union census of 1970. The actual population of cities, urban-type settlements, districts and district centers of the USSR accord-

ing to the census of January 15, 1970 by republics, territories and regions (except the RSFSR)]. / Electronic resource. [http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr70\\_reg1.php](http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr70_reg1.php). 25.03.20187

Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1979 g. Chislennost' nalivnykh i avtonomnykh respublik, avtonomnykh oblastey i okrugov, krayev, oblastey, rayonov, gorodskikh poseleniy, sel-raisentrov i naselennykh punktov s naseleniyem svyshe 5000 chelovek (krome RSFSR). [The All-Union Population Census of 1979. The actual population of the Union and autonomous republics, autonomous regions and districts, territories, regions, urban settlements, village-district centers and rural settlements with a population of over 5,000 people (except the RSFSR)]. / Electronic resource. [http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr79\\_reg1.php](http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr79_reg1.php). 24.03.2018.

Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1989 g. Chislennost' naseleniya soyuznykh respublik SSSR i ikh territorial'nykh yedinito polu. [All-Union census of 1989. The population of the Union republics of the USSR and their territorial units by gender]. / Electronic resource. [http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/sng89\\_reg1.php](http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/sng89_reg1.php). 26.03.2018.

Galiyev A.B. (1994). Sotsial'no-demograficheskiye protsessy v mnogonatsional'nom Kazakhstane (1917-1991gg). [Socio-demographic processes in multinational Kazakhstan (1917-1991)]. Diss .... na soisk. uchen. stepeni kand. ist. nauk. Almaty.

Zimovina Ye.P. (2003). Dinamika chislennosti i sostava naseleniya Kazakhstana vo vtoroy polovine XX veka. [Dynamics of the number and composition of the population of Kazakhstan in the second half of the twentieth century]. / Electronic resource. <http://www.demoscope.ru/weekly/2003/0103/print.php>. 24.03.2018.

Zimovina Ye.P. (2001). Sotsial'no-demograficheskiye protsessy v zone ekologicheskogo bedstviya Kazakhstana (1959-1999 gg.). [Socio-demographic processes in the ecological disaster zone of Kazakhstan (1959-1999)]. Diss .... na soisk. uchen. stepeni kand. ist. nauk. Karaganda.

Itogi perepisi naseleniya 1999 goda po Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti. (2001a). [The results of the 1999 census in the East Kazakhstan region]. Tom 2. Statisticheskii sbornik. Pod red. A.A. Smailov. Almaty: Kazstatinform, 247 s.

Itogi perepisi naseleniya 1999 goda po Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti. (2001b). [The results of the 1999 census in the East Kazakhstan region]. Tom 3. Statisticheskii spravochnik. Pod red. A.A. Smailov. Almaty: Kazstatinform, 124 s.

Kozina V.V. (2007). Demograficheskaya istoriya Kazakhstana (konets XIX – nachalo XXI vv.). [The demographic history of Kazakhstan (the end of the XX – beginning of the XXI centuries)]. Karaganda: KarGU, 145 s.

Kozina V.V. (1994). Sotsial'no-demograficheskiye protsessy v Kazakhstane v mezhperepisnoy 1979-1989 gg. [Socio-demographic processes in Kazakhstan in census 1979-1989]. Diss .... na soisk. uchen. stepeni kand. ist. nauk. Almaty.

Kurmanov F.S. (2002). Shygys Kazakstan oblysynyn khalky (1989-1999 zhzh.). [Population of the East Kazakhstan region (1989-1999)]. Diss .... na soisk. uchen. stepeni kand. ist. nauk. Oskemen.

Kazakstan Respublikasynyn khalky. (2011). [People of the Republic of Kazakhstan]. 2009 zhylygy Kazakstan Respublikasy khalkynyn Ultyk, sanağynyn k, orytyndylary. 1-tom Statistikalyyk, zhinak, . Red bask, . A.A. Smayylov. Astana: Zhark, yn Ko, 240 b.

Kazakstannyn demografiyalyk zhylnamalygy. (2017). [Demographic Yearbook of Kazakhstan]. Bas red. N.S. Aydapkel. Astana: Zhark, yn Ko, 390 b.

Medkov V.M. (2002). Demografiya. [Demography]. Rostov-na-Donu: Feniks, 448 s.

Morozova S.S. (2001). Analiz polovozrastnoy struktury naseleniya naiboleye krupnykh etnosov Kazakhstana po dannym perepisi naseleniya 1999 goda. [Analysis of the gender and age structure of the population of the largest ethnic groups in Kazakhstan according to the 1999 population census]. // Etnodemograficheskiye protsessy v Kazakhstane i sopredel'nykh territoriyakh. Mezhdunorodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya. Oskemen: VKGU, 386 b.

Nazarbayev N.Ə. (2017). Bolashak, kabağdar: rukhani zhangyru. [Orientation for the future: spiritual revival]. Madeniyet zhurnaly, №48, 30 b.

Saylaubek Ə., (2016). Mamyrbekov A.M., Tleuberdinov K., A. Shygys Kazakstan oblysy tyrgyndarynyn aleumettik-demografiyalyk, zhağdayy (1991-2008 gg.). [Social and demographic situation of the East Kazakhstan region (1991-2008)]. Semey: Pro 100Print, 167 b.

Sarsembayeva G.A. (2014). Vozrastnaya struktura kazakhskogo etnosa v 1999-2009 gg. [Age structure of the Kazakh ethnos in 1999-2009]. // Etnodemograficheskiye protsessy v Kazakhstane i sopredel'nykh territoriyakh. XIV Mezhdunorodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya. Oskemen: Media-Al'yans, 379 b.

Semey kalasynyn aleumettik-ekonomikalyyk, zhağdayy. (2001). [Socio-economic situation of Semey]. Semey: Kazroligraf, 40 b.

Ualtayeva A.S. (2011). Naseleniye malykh gorodov Kazakhstana (sotsial'no-demograficheskiy aspekt na primere Vostochnogo regiona). [Population of small cities of Kazakhstan (socio-demographic aspect on the example of the Eastern region)]. Almaty: Veretel'nyy, 204 s.

Shygys Kazakstan oblysy. (2011a). [East Kazakhstan region]. 2009 zhylygy Kazakstan Respublikasy khalkynyn Ultyk, sanağynyn korytyndylary. 1-tom Statistikalyyk, zhinak, . Red bask, . Ə.A. Smayylov. Astana: Zhark, yn Ko, 130 b.

Shygys Kazakstan oblysy. (2001b). [East Kazakhstan region]. 2009 zhylygy Kazakstan Respublikasy khalkynyn Ultyk, sanağynyn k, orytyndylary. 2-tom Statistikalyyk, zhinak, . Red bask, . Ə.A. Smayylov. Astana: Zhark, yn Ko, 150 b.

Shygys Kazakstannyn demografiyalyk, zhylnamasy. (2017). [Demographic chronicle of East Kazakhstan]. Statistikalyyk, zhinak, . Bas red. Ə. Mak, azhany. Oskemen: SHK, O-nyñ stat. dep., 166 b.